

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности Казахстанского филиала АОЗТ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» «Капитальный ремонт кольцевой автодороги №7» от 01 декабря 2023 года №KZ27RYS00497592

Дата составления сводной таблицы: 26.12.2023 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 04.12.2023 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 04.12.2023 г.- 25.12.2023 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Аппарат акима Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 08.12.2023г. №4-12/2214)
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан «Запказнедра»	Не представлено
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 07.12.2023г. №18-13-01-03/2120) «1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126- баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және

		орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 07.12.2023 г. вх.№2646)
5	Акимат Бурлинского района	Не представлено
6	Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 07.12.2023г. вх.№2653)
7	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 19.12.2023г. №24-26-6-11/5007) «Ұсынылып отырған өтінішке сәйкес белгіленіп отырған қызмет түрі – Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында, игеріліп жатқан Қарашығанақ газ конденсаты кен орны шегінде орналасқан № 7 айналма автожолын күрделі жөндеу. Автомобиль жолдарын жөндеуді немесе реконструкциялауды бақылау мемлекеттік

		органдардың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы құзыретіне кірмейді. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.»
8	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии геологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (07.12.23 г. №2-16/758): «Согласно статьи 45 Закона Республики Казахстан «О растительном мире»– потери растительного мира подлежат возмещению в случаях удаления дикорастущих растений (безвозвратной утраты) на земельных участках всех категорий земель, переводимых в другие категории для целей недропользования, строительства (реконструкции) зданий, сооружений, дорог, трубопроводов и иных объектов в соответствии с проектной документацией на такие объекты, получившей положительное заключение государственной экологической экспертизы, а также принудительного отчуждения земельного участка для государственных нужд. Кроме этого, для снижения воздействия на животный мир, при проведении запланированных работ, Инспекция считает необходимым соблюдение требований по охране растительного и животного мира, а именно пункт 1 статьи 12 главы 3 Закона «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» – деятельность, которая влияет или может повлиять на состояние животного мира, среду обитания, условия размножения и пути миграции животных, должна осуществляться с соблюдением требований, в том числе экологических, обеспечивающих сохранность и воспроизводство животного мира, среды его обитания и компенсацию наносимого и нанесенного вреда, в том числе и неизбежного.»
9	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Не представлено

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының «Капитальный ремонт кольцевой автодороги №7» белгіленіп отырған қызметі туралы 2023 жылғы 01 желтоқсанға № KZ27RYS00497592 өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 26.12.2023 г.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 04.12.2023 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 04.12-25.12.2023 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (письмо от 08.12.2023 г. №4-12/2214)
2	Қазақстан Республикасының индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті	Ұсынылған жоқ
3	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (07.12.2023ж. №18-13-01-03/2120): «1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Су кодексі 125 және 126- баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір

		құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады. 1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс –шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады. 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға ҚР Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (07.12.2023ж. №2646 хаты)
5	Бөрлі ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
6	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (07.12.2023ж. №2653 хаты)
7	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс	Ұсыныстар мен ескертулер (07.12.2023ж. 24-26-6-11/5007хаты): «Ұсынылып отырған өтінішке сәйкес белгіленіп отырған қызмет түрі – Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында, игеріліп жатқан Қарашығанақ газ конденсаты кен орны шегінде орналасқан № 7 айналма автожолын күрделі жөндеу.

	Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	Автомобиль жолдарын жөндеуді немесе реконструкциялауды бақылау мемлекеттік органдардың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы құзыретіне кірмейді. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.»
8	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескерт (07.12.23 ж. №2-16/753 хаты): «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45 баптарына сәйкес – жер қойнауын пайдалану, ғимараттар, құрылысжайлар, жолдар, құбыржолдар және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған осындай объектілерге арналған жобалау құжаттамасына сәйкес өзге де объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын жерлердің барлық санаттағы жер учаскелерінде жабайы өсетін өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған), сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайларда өсімдіктер дүниесінің шығындары өтелуге жатады сақталу қажет екенін қаперіңізге саламыз. Бұдан басқа, жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлар дүниесіне әсерді азайту үшін Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 12-бабы 3-тарау 1-тармағына сай «Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін, немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс» екенін Инспекция ескертеді.»
9	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсынылған жоқ